

Сағынғали
Сейітов

ӨЛЕҢ
ӨЛКЕСІНДЕ



Сағынғали
Сейітов

ӨЛЕҢ
ӨЛКЕСІНДЕ

Мақалалар мен зерттеулер



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1984

Пікір жазғандар:
Ә. Жәмішев, Б. Ыбырайымов.

Сейітов Сағынғали.

С 31 Өлең өлкесінде: Мақалалар мен зерттеулер.— Алматы: Жазушы, 1984.— 256 бет, портр.

Сыншы-ғалым Сағынғали Сейітовтың бұл кітабына өлең өлкесі ханында ой толғайтын зерттеулері мен творчестволық портреттер топтастырылған. Автор қазақ совет поэзиясының көрнекті өкілдерінің туындыларын өзек ете отырып, туған әдебиетіміздегі Ұлы Отан соғысы тақырыбының жырлануы, ұлы достық ұлағаты жайлы әңгімелейді.

Жинаққа енген кейбір сын мақалалар қазіргі орта буын ақындарымыздың өлең-жырларын талдауға арналған.

С $\frac{4603010202-176}{402(05)-84}$ 29—84

83.3Қаз

© «Жазушы», 1984

ОКтябрь — өмір дастаны

XX ғасырдың басты оқиғасы — Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россияны мекендеген барлық халықтарды, оның ішінде қазақ халқын да әлеуметтік және ұлттық езгіден азат етіп, жаңа дүние орнатудың жолына шығарды. Революция халықтардың көркемдік дамуында да жаңа дәуірдің бетін ашты. Ұлт әдебиеттерінде алғашқы азаматтық лебіз Октябрь революциясына, оның көсемі Владимир Ильич Ленинге, Коммунистік партияға арналды. Социалистік реализм әдебиетіндегі саяси поэзияның алғашқы үлгілері осылай басталды. Орыс совет ақындары Владимир Маяковский мен А. Блоктың, украин П. Тычинаның, белорус Я. Купаланың, өзбек Хамза Хаким-заде Ниязидің, тәжік С. Айнидың және басқа да ұлт өкілдерінің шығармаларында Октябрь жеңісі, елімізде Совет өкіметінің орнатылуы асқақ әуенмен, шетсіз-шексіз шаттық сезіммен мадақталды.

Октябрьде туған жаңа әдебиеттің түбегейлі тақырыбы революция жайлы болуы әбден заңды құбылыс еді. Ол ақындардың ой-сезімінің өзегі мен өрісіне айналып, көп ұлтты поэзиямыздың даму бағытын бірден белгілеп берді. Сонау тұста, социалистік қоғамның туу сағатынан басталған осынау жаңашыл дәстүр күні бүгінге дейін жалғасып, дамып келеді. Рас, поэзиядағы Октябрь тақырыбы барған сайын сапалық өзгерістерге ұшырап, мазмұны да, түрі де жетіле түсуде. Басқа сыр-сипаттарын былай қойғанда, Ұлы Октябрьдің кезекті жылдықтарымен байланысты жазылған шығармалардың өзі біркелкі емес. Мәселен, жиырма-сыншы жылдар мен жетпісінші жылдардағы арнау өлеңдердің арасында едәуір сапалық айырма бар.

Қазақ поэзиясында Октябрь революциясының суреттелуі туралы әңгіме қозғалғанда біз революционер-ақынымыз Сәкен Сейфуллиннің есімін алдымен ауызға аламыз.

«Кел, жігіттер», «Жас қазақ марсельзасы» сияқты өлеңдерінде Сейфуллин Октябрь революциясын, оның же-

нісін құлшына толғайды, еңбекші халықты жаңа өмір орнату жолындағы күреске шақырады:

Кел, жігіттер,
Болиндар ер,
Жүйткіт,
Орғыт тұлпарды!
Жаз қанатты,
Сілте қатты,
Ұйтқыт, өрлет сұңқарды

Екпін үнді,
Қызыл сымды
Домбыраны алайық.
Кезіп қырды,
Қосып жырды,
Күңіrentіп ән салайық,—

дейді ақын қазақ жастарына.

Сейфуллин өлеңдері романтикалық пафосқа, революциялық жігерге, оптимизмге толы. Оның поэзиялық шығармаларының бас қаһарманы өз тағдырын өзі шешуші және өз тарихын жасаушы халық болып отырады:

Жойылсын құлшылық, кемшілік.
Жасасын әділдік, теңшілік.
Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,
Өз еркін бұқара қолға алсын.
Жер үстін шат қылып көркейтп
Қызыл ту желбіреп орналысн.

Сәкен Сейфуллин жаңа дүниенің жаршысы, жыршысы ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы революциялық оқиғаларға тікелей қатысушы да. Сондықтан да оның өлең-жырларында еңбекші халыққа, Ленинге, Коммунистік партияға деген жалынды сүйіспеншілік, совет құрылысының жауларына, қанаушыларына мейлінше өшпенділік сезімдері саяси өткірлікпен жырланады.

Тендік бұрын нашарға келіп пе еді?
Көздің жасын жауыздар көріп пе еді.
Жолдастар?!
Жалбарынып жарлылар сұрағанда
Байың, патшаң, тәңірің де беріп пе еді,
Жолдастар?!
Кедей ұлы жігерлі,
Бірігіп ұран салып қал.
Қызыл тулы майданда
Бостандықты алып қал!

Мұндай шымыр шумақтар тек Сәкен сияқты революционер — ақынның ғана қаламынан туа алатын еді.

Бұл кезеңде Қазақстанды революциялық жолмен өркендету, жемісті бейбіт еңбекке көшу, жаңа тұрмыс орнату ісіне қазақ халқын қатыстыру бүкіл әдебиетіміздің, оның ішінде поэзиямыздың басты тақырыбына айналды. Октябрьді жырлау осылайша сараланып, кең өріске шыға бастады. Жиырмасыншы жылдардың орта кезінде ақындық шығармалардың кіші формалары ғана емес, ірі туындылар — поэмалар дүниеге келді. С. Сейфуллин Октябрьдің сегіз жылдығына арнап, мазмұны жағынан да, формасы жағынан да жаңашыл шығарма — «Советстан» поэмасын жариялады. Автор бұл шығармасында совет халқының өміріндегі зор өзгерістерді, халықты социализм жолына бастап отырған партияны, еліміздегі халықтар достығын толғады. Поэмада өзінің ежелгі асыл арманына, социализмге қарай қарқынды басып келе жатқан Отанымыздың алып тұлғасы көрінеді.

Советстан адал еңбек кәсібі,
Адамзатқа теңдік, бақыт есігі.
Жауын қуған,
Ерден туған,
Белді буған,
Еркін өсер ер-ұланның бесігі.

«Советстан» арқылы поэзиямызда тың өрнекті, мүлде соны сипатты жаңашыл шығарма бой көрсетіп, әдебиет әлеміндегі ерекше бір құбылыстың басы болды. Сейфуллиннің бұл поэмасы қазақ ақындарына да, сол сияқты түркі тілдес туыс поэзия өкілдеріне де игі ықпалын тигізді.

Октябрьді, оның қазақ жеріне әкелген жаңалықтарын жырларына мықты арқау еткен ақындардың бірі — Ілияс Жансүгіров,

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде-ақ:

Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан,
Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған,—

деп үн қатқан ол осыдан былайғы өлеңдерінде жаңарған ауыл өмірін, жасарған дала тіршілігін суреттеуге көшеді. Мұны біз І. Жансүгіровтың Октябрь мерекесіне, Қазақстан тойына арналған жырлары мен толғауларынан айқын аңғарамыз. («Бүгінгі дала», «Жаңа дала», «Қазақстан» т.б.) Мәселен, ол өлкеміздің өзгерген кескін-келбетін былайша өрнектейді.

Мыс толғатып, жез туып,
Қарсақбайлар айғайлап.
Жаппай қаулап коллектив,
Ембілерден май қайнап.
Автомобиль, трактор
Алды қырды, салды ойнак.
Қазақстан картасын
Темір жолдар шимайлап,
Аэроплан аспанда
Бұлт қайырып, құрайлап.

Ілиястың сол мезгілдегі өлеңдерінде дала образы енгізіле бастайды. Мұны шығармаларының атынан ғана емес, мазмұнынан да байқау қиын емес. Осы бағыт оны «Дала» поэмасын жазуға бастап аңарады.

«Поэмада қазақ елінің ру, хан дәуірінен бастап кеңесшіл Қазақстанның он жылдығына — мерекеге шейінгі басынан өткен заманның белгілі белдері, елеулі оқиғалары суреттеледі. Бүгінгі Қазақстанның күйін болашақ Қазақстанды суреттейді» — деп жазды, Жансүгіров өз шығармасының идеясын айқындай келіп.

Шығарманың бас кейіпкері — екі ғасырдай уақыттың, әрқилы оқиғалар мен кезеңдердің куәсі Дала. Дала тарихын баяндаушы, әңгімелеуші шал — тарихтың өзі. Мұнда автордың көзқарасы, оқиғаларға беретін бағасы ашық та, айқын да. Әсіресе, республикамыздың Совет өкіметі жылдарындағы татымды табыстары баяндалған тұстарда ақын тілінің айшықтары айрықша аңғарылады.

Октябрь мерекесінің 10 жылдығына арналған «Ұштасқан үш тілек», орыс пролетариатының Қазақстанға туысқандық көмегін көрсететін «Мәскеу-Қазақстан» өлеңдері де еліміздегі, өлкеміздегі революциялық өзгерістердің көркем сөз кестесіне түскен белгі-бедерлері тәрізді.

Есінді жый, ел бол! — деп
Аштың есік, Мәскеуім.
Даладан, таудан, алыстан
Саған қарай көшкен кім?
Білімнің бұлағын
Мейірі қанып ішкен кім?
Октябрьдің ордасы.
Сенде қайнап өскен кім?
Ендеше ордам, одағым,
Қамқорым менің Мәскеуім! —

деп түйеді ақын өз ойын.

Бейімбет Майлин өлеңдері мен поэмаларының кейіпкерлері де — революцияның жеңісі арқасында теңдікке, бостандыққа қолы жеткендер, ауылдың жаңа адамдары.

(«Құтты болсын мейрамын», «Кедейге», «Октябрьдің ұлдары» т. б.) Оның еңбекші жастарға тастайтын ұраны:

Көтер, көтер, көтер туды қолдағы,
Мың сан жасты ал ішіне жолдағы.
Жасөспірім, келешектің тірегі,
Жаса, жаса Октябрьдің ұлдары!

Майлин поэзиясындағы айтарлықтай жетістіктің бірі — қазақ кедейі Мырқымбайдың типтік бейнесін жасауы, оның мінез-құлқын, еңбегін көрсете білуі. Мырқымбай — Бейімбеттің сүйікті кейіпкері. («Мырқымбай», «Кедейдің кейістігі», «Бер, Мырқымбай, қолыңды»).

Октябрь революциясын құшақ жая қарсы алып, оның қазақ халқына азаттық, бақыт әпергенін құлшына жырлаған ақындардың енді бірі — атақты ақын Сәбит Мұқанов.

Октябрь таңы атпаса,
Октябрь шырақ жақпаса,
Бәріңді де көрер ем,
Күрек алып қолыңа,
Құлшылықтың соңында
Сораң ағып жүрер ең.
Октябрь менің анам да,
Октябрь таңы атқан соң
Ие болғам қаламға.
Октябрь көзді ашпаса,
Нақ осындай болам ба?
Октябрьден туған — мен.

Ол осылай толғағанда өз басының да, өзге замандастарының да ой-сезімін білдіріп отыр. Мұқанов атақты «Сұлушаш» романының кіріспе тарауында да революция құдіретін, оның азаткерлік ролін: «Мені-дағы, мен сенген тапты-дағы көгендеуден Октябрь таңы ағытқан» деп, халық тарихындағы жаңа заманның маңызын бейнелі түрде бедерлеген болатын.

Ата-бабасы батырақ өзі де батырақ боп, тіршілік тауқыметін көп тартқан Сәбит, әлбетте, алдымен өз табынын, еңбекші таптың мұнын мұндап, жоғын жоқтаудан бастады да, қазақ жалшысын шығармаларының бас кейіпкері етіп алды. «Бостандық» өлеңінде ол жарлы-жақыбайларға, жалшыларға;

Қуш жоқ кезде күштілерден жасқандық,
Ал, кедейлер!—деп жүрмеңдер бос қалдық.
Еңбек етсең, білім, өнер сенікі,
Өзің ие, міне саған бостандық!,—

деп үн қатты.

«Қызғалдақ» өлеңінде Сәбит Октябрьді өмір жазына балайды:

Октябрь жазы гүлді жаз,
Октябрь жазы нұрлы жаз.
Октябрь жазы жайнайды,
Бұл іске жасыл оранып,
Тотыдай түлеп таранып,
Мәңгіге бұлбұл сайрайды.

Сәбит Мұқановтың Октябрь тақырыбындағы ең күрделі, көлемді шығармасы — «Октябрь өткелдері» поэмасы қазақ жұмысшыларының өмірінен алынып, революцияның 10 жылдық мерекесіне арнап жазылған.

Шығарманың орталық қаһарманы Теміртай мұқтаждық пен жоқшылықтың, қорлық пен зорлықтың зардабын көп тартады. Ол аяғы жеткен жердің бәрінде де — Атырау атырабында да, Сібірдің ең үлкен қаласының көшелерінде де, Лена алтын кенінде де, Орталық Қазақстандағы әйгілі заводта да — еңбекші халықтың арқасына аяздай батқан ауыртпашылықтың, азап пен сордың куәсі болады. Осылардың бәр-бәрінен өзінше қорытынды жасаған Теміртай өмірден күрес жолын таңдайды. Орыс жұмысшысы Иванмен достасып, оның ақыл-кеңесіне құлақ қойған жігерлі жігіт жұмысшылардың үстем тапқа қарсы ереуілдеріне, қарулы көтерілістерге қатысады. Бертін Ленин есімімен танысады. Азамат соғысынан оралған ол ауылдағы әлеуметтік жұмыстарға араласады. Міне, ақын поэмасында осындай күрескер ұрпақтың өкілін көрсетеді.

«Октябрь өткелдері» — әдебиетіміздің тарихынан лайықты орын алатын елеулі шығарма.

Революция және оның Қазақстан тарихындағы маңызы, республика өміріндегі социалистік өзгерістер жайында бізде отызыншы жылдарда да көптеген поэзиялық шығармалар жазылды. С. Сейфуллиннің «Альбатрос», С. Мұқановтың «Ақ аю», Т. Жароковтың «Тасқын» поэмалары, А. Тоқмағамбетовтың, Ғ. Ормановтың, Ә. Тәжібаевтің, Ж. Сыздықовтың өлеңдерінде бүкіл Советтік Отанымыздың, туған өлкеміздің социализм орнатудағы қарышты қадамы өз көрінісін тапты. Елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, мәдениет революциясы, Отан қорғау тақырыптарындағы шығармалардың бәрінде де Октябрь жемістері, СССР-де лениндік өсиеттердің жүзеге асырылуы, Коммунистік партияның басшылығы негізгі идеялық-көркемдік нысанаға айналғанын көреміз. Қазақстандағы өнеркәсіп алыптары, колхоздасқан жаңа ауыл, жаңарған дала отызыншы жылдардағы поэзиямыздың

өзегі тәрізді. Осының бәрі Октябрьдің арқасы екені Жұмағали Саинның мына бір шумақ өлеңінде тиісінше түйінделген.

Октябрьдей ұлы өткел
Маған жарық күн берді.
Партиядай кеменгер
Шырай берді, нұр берді.
Зарлы қойшы, сен азат
Деді, маған үн берді.
Шарықтаты аспанға,
Отаныма түр берді.
Өмірімді гүл етіп.
Тұрмысыма сыр берді.

Соғысқа дейінгі бейбіт жылдарда барша ұлт қаламгерлері тәрізді, қазақ ақындары да шабыты мен шеберлігін жұмсап, халықтың социалистік қоғам орнатудағы еңбегі мен күресін жырлады.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзиямызда Октябрь елінің бостандығы мен тәуелсіздігін, революция жеңістерін қорғау, жексұрын жауды талқандау, адамзатты апаттан сақтап қалу ең қасиетті, ең абыройлы борышымыз болды. Қазақ өлеңінде патриоттық, интернационалдық сарындар бұрынғыдан күшейіп, тереңдей түсті. Халықтардың айнымас адал достығы мен туысқандығы, отаншылдығы, Ленин партиясының жеңіске жігерлендірушілік, ұйымдастырушылық ролі, Совет Армиясының теңдессіз қаһармандық ерлігі, азаткерлік қызметі — сол тұстағы өлеңдер мен поэмалардың тобақазығы, идеялық арқауы. Сәбит Мұқановтың, Тайыр Жароков пен Асқар Токмағамбетовтың, Ғали Орманов пен Әбділда Тәжібаевтың творчестволық тәжірибесі осыны ыспаттайды. Соғыстағы адамды көрсету, майдан шындықтарын суреттеуде әсіресе майдангер ақындар жемісті жұмыстар атқарды. Мұның солай екеніне көз жеткізу үшін Әбу Сәрсенбаев пен Қасым Аманжоловтың, Қалижан Бекхожин мен Жұмағали Саинның, Дихан Әбілев пен Хамит Ергалиевтің, Жұбан Молдағалиев пен Сырбай Мәуленовтың шығармаларына ой жіберудің өзі-ақ жетіп жатыр.

Ә. Сәрсенбаев ұлы Жеңісімізге 35 жыл толған күні жариялаған мақаласында өзінің әйгілі «Ақша бұлт» өлеңінің қалай туғанын баяндайды.

«1943 жылдың июль айында, — деп жазады автор, — майдангердің майдандық кеңесі шақырылды. Мәжілісті майдан қолбасшысы Малиновскийдің өзі басқарды.

Үзіліс кезінде қазақстандық жауынгерлер теректердің саялы көлеңкесіне жиналғанбыз. Майқайыңдық мерген

Зейін Байжанов көгалға жауырынын төсеп жатқан қалпы айғайлап жіберді. «Жігіттер, қараңдаршы! Қандай әдемі!» Бәріміз де жоғары қарадық. Көгілдір аспан шаңырағында бір шөкім ақша бұлт жас баланың селдір шашындай үлпілдеп тұр екен.

Үйленген бойда майданға аттанған Сәрсенбаев ұлпа бұлтты өз келіншегінің желегіне ұқсатты. Мақтарал мақташысы Құдайбердиев ақ мақтаға балап, алақанын тосты. Мысты Балқаштың мерген перзенті Сұлтанбек Әуелбеков бұрышына сәлем түйген ақ жібек орамалға ұқсатты. Ал, взвод командирі Қазі Кетебеков Алатаудан көтерілген ақ торғынға балады. Бәрінде де ортақ бір сезім бар. Елге, жарға деген сағыныш сезімі. Бәріміз де «Уа, ақша бұлт!» деп күбірледік. Мен содан ұзақ ойлана жүріп, сол ауыр жылдың күзінде солдат сағынышын өлең жолдарына айналдырдым».

Бұл үзіндіден біз нақты өлеңнің жазылу тарихын ғана емес, оның үстіне отаншыл ойлардың тоғысқанын, ел ерлігінің нәзік сезім күйлерін де абайлаймыз.

Октябрь туралы, еліміздің, Қазақстанның соғыстан кейінгі бесжылдықтарда қол жеткен тарихи табыстары, СССР-де кемелденген социализм орнатылғаны туралы жазылған өлеңдер мен поэмалар сан жағынан мол болумен қатар, сапа жағынан әралуан. Тіпті мерекелік толғаулар мен дастандардың өзі де бұрынғыдан өзгешелеу, әуенсазы жаңғырған, бояуы мен ажары құлпыра түлеген күйге ауысады. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты ақын Жұбан Молдағалиевтің «Дала дастарқаны» деп аталатын мерекелік дастанының басталымын оқып көрейік:

Октябрь — күй таңы да, сый таңы да,
Сол үшін күйшы, дала, күй тағы да!
Көрінші қыз көркінмен, ер тұлғаңмен,
Күлімдеп ән қанаты, күй тағында.

Па-па-па! Қандай жарқын достар таңы!
Ғаламат той тартуы, достар қамы.
Көл-көсір, ағыл-тегіл, шетсіз-шексіз,
Жаюлы даламыздың дастарқаны.

«Дала дастарқаны» — халық қайратын, жасампаз еңбек салтанатын, ертеңге, коммунизмге қарай сеніммен алға басып бара жатқан Отанымыздың ұлылығын мадақтау сарынына, патриоттық пафосқа толы шығарма. Сондықтан да өз дастанын: «Ал, Уақыт Октябрьдің қадамымен, барды бірге совет адамымен, Көрінді даланың да келер таңы, Тілдескен коммунизм заманымен», деп аяқталады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру — Қазақстанның жаңғыра түлеп, жаңадан дәуірлеп өрге басуының жарқын айғағы, ерлік эпопеясы болғаны мәлім. Ғасырлар бойы құлазып жатқан даланы астықты өлкеге, құтты қонысқа, байлық пен дәулеттің қайнар көзіне айналдыру жолындағы бүкілхалықтық ұлы жорық біздің поэзиямызда да небір көрікті шығармалар тудырды. Тың және тынды көтерген ерлер туралы, Қазақстанның мол астығы — миллиардтар туралы жүздеген өлең-жырлар, толғаулар, ондаған поэмалар жарық көрді. Осынау қастерлі тақырыпқа қалам тартпаған бірде-бір ақын жоқ десе болғандай. Солардың бәріне ортақ ойды көрнекті ақынымыз Ғали Ормановтың «Дән сабағы» өлеңінен табамыз:

Бапталған әбден топырақ,
Бар күшін дөңге құйғандай.
Сабақтар соны сықырлап
Көтеріп әрең тұрғандай.

Аймаққа астық толтырған
Байыптап жайын жерінің,
Танысың соның қалпынан
Салмағын төккен терінің,—

деп толғайды ақын.

Тың жайындағы шығармаларда Коммунистік партияның ұлы идеясының жүзеге асырылуы, еліміздегі бауырлас халықтардың ынтымағы, жасампаздық еңбектегі ересен ерлігі зор шабытпен жырланады. Қалижан Бекхожин айтқандай:

Ашылып түзіміздің тас қабағы,
Құлпыртты жылдар жаңа жас даланы.
Келеміз бұл дәуірмен бірге жасап.
Жылнама Октябрьден басталады.

Өзінен өзі түсінікті, халқымыздың дүние жүзілік жетістіктері, коммунистік құрылыстағы қарышты қадамдары қоғамымыздың саяси көсемі-леніндік партияның дана басшылығына тікелей байланысты. Коммунистік партия жайындағы поэзиялық шығармаларда халық пен партияның біртұтас екендігі, халықтың партияға деген терең сүйіспеншілігі, оған шексіз берілгендігі, оның ішкі, сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдап, қостайтыны айтылады.

Сен ойлайсың
Тағдырын даланың да,
Баланың да,
аспанның алабын да,

Сен ойлайсың —
бәрінің бүтіндігін,
Бәрі сенің
Тұрады жанарыңда.
Жанарыңда —
ертеңгі көрінер таң.
Болса дейсің
өмір шат,
көңіл дарқан.
Дүниенің дәл қазір
тыныштығы,
Туыстығы —
Бәрі де сенің арқан!

Сағи Жиенбаевтың осынау өлеңіндегі ойлар бәрімізге ортақ пікірді білдіреді.

Октябрь, ол әкелген түбірлі өзгерістер мен жаңалықтар поэзиямыздың бұдан да басты назарында бола беретін келелі тақырып. Өмір дастаны мәңгі-бақи жасала бермек.

1980

ТОЛЫҚСЫҒАН ТҰЛҒАСЫ РОССИЯНЫҢ

Еңселі есімі мен айдынды атағы, сындарлы сымбаты мен таңғы шықтай таза тұлғасы, адамзат тарихында атқарған шешуші ролі мен қызметі, қимылдарының ірілігі мен бірегейлігі, іргелі елдігі мен ересен ерлігі талай ұрпақтың санасында өшпестей болып мәңгі-бақи берік орнаған қуатты да құдіретті мемлекеттің атын біз айрықша ықылас-ілтипатпен, ерекше сүйкіммен, сүйіспеншілікпен атаймыз. Ол — Русь, Россия, революциялық Россия, еңбеккер Россия, Пушкиннің Россиясы, Лениннің Россиясы. Халықтардың анасы, алыптардың анасы. Оның әрбір әрпі шуақты шұғыламен көмкерілгендей. Ол құйттайымыздан құлағымызға балдай құйылып, өміріміздің барлық кезеңдерінде де ақыл-ойымызды нұрландырып, көңіліміздің көкжиегін кеңейтіп тұрады. Оның аяулы атын кір жуып, кіндік кескен өлкеміздің атымен қоса атамау, қатар қабылдамау мүмкін емес. Россия мен Қазақстан біздің зердемізде ағалы-інілі туыстар тәрізді жұптасқан. Біздің ұғым-түсінігіміз әуел бастан-ақ осылай қалыптасқан.

Россияға мархабат, Россияға махаббат бізге сонау дана бабаларымыз, қазақтың аса үздік ағартушылары Шоқан Уәлихановтан, Ыбырай Алтынсариннен, Абай Құнанбаевтан қалған қадірлі мұрас, қасиетті өнеге. Олар сонау сарсаң заманда, халқымыз қараңғылық пен надандық қапасында тұншығып жатқан шақта өздерінің өткір де отты жанарын озат ойлы Россияға қадады, орыстың демократиялық ой-пікіріне қол созды. Бұл кездейсоқ қалау емес еді. Мәселе қабырғасынан қойылған кезде — кіммен, қайда — қай жолмен жүру керектігін айқындау керек болғанда олар болашақты дұрыс бағдарлап, прогресс пен дамудың бағытын айна-қатесіз аңғарды.

Қазақстанның Россияға қосылуының даңқты мерекесін тойлау үстінде біз сонау тарихи оқиғаның бастауларына көз жіберіп, халқымызды жат жерліктердің жаулап алуынан бүтіндей құртып жіберуінен құтқарған мейірбанды Россияға зор ризашылық сезімін білдіреміз. Бүкіл қазақ

жерінің Россия құрамына кіруінің тарихи маңызын КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінің «Советтік Қазақстан» атты кітабында былайша айқындап береді:

«Қазақстанның Россияға қосылуы қазақ халқының тарихындағы бет-бұрыс кезең болды. Самодержавиенің отаршылдық саясатына қарамастан, мұның өзі сайып келгенде қазақтардың түбегейлі мүдделеріне сай келді, терең прогрестік мәні болды. Осы кезден бастап қазақ халқының тарихи тағдыры орыс халқының және көп ұлтты Россияның басқа да халықтарының тағдырымен мәңгі-бақи байланыстырылды»¹.

Иә, Россияның өзге халықтарға пана, аға, қамқор, дос болуы тарихи қажеттіліктен, қоғамның даму заңдылығынан туған аса елеулі құбылыс. Советтік Социалистік Республикалар Одағының гимнінде айтылғандай, «Азат елдердің мызғымас Одағы, Ұлы орыс елінде нұр алып шыңдалған».

Россия деген бір сөздің өзінде қаншама сүйкім мен ұнасым, тұтастық пен әсемдік, өміршең поэзия жатыр.

Россия және поэзия. Ұлы мемлекеттің, революциялық Россияның, Советтік Россияның бедерлі бейнесі, әлбетте алдымен орыс поэзиясында жасалды. Орыстың ұлылы-кішілі ақындарының ішінде оған арнап шабытын шақырмағандары некен-саяқ шығар. Арғы дәуірлерді айтпағанда, Октябрь қарсаңында, онан бергі кезеңдерде өзінің Россияға деген перзенттік сезімдерін өлең тілімен айшықтаған ақындар қанша десеңізші: «Русім менің, өмірім менің» (А. Блок); «Қайран Русь, ел ерке, сүйемін мен өзінді» (С. Есенин); «Туған анам Россия» (А. Твардовский); «Сен бәрінен сүйкімдісің, сен бәрінен қымбатсың... орыс жері» (А. Сурков); «Россия жайында сөйлеуім керек менің...» (А. Прокофьев). Тағысын тағылар. Егер сөз шеберлерінің олардан кейінгі легіне жататын қаламгерлердің өлең жүйесіне назар аударсақ, осы күнгі ой, сезімдерді тереңдете түсетін сипаттарды байқаймыз. М. Львовтың «Россия» өлеңіндегі «Россия — Ленин! Октябрьский взмах! Россия — Ленин в делах, в умах!.. Россия — скоросты! Россия — смелосты!.. Россия — Космос! Россия — Век!» — деп келетін екпінді тармақтар нақ осының мысалы.

Россия және орыс халқы жайында барша бауырлас республикалардың ақындары сезім серпіп, ой толғап, өлең,

¹ Д. А. Қонаев, «Советтік Қазақстан» «Қазақстан» баспасы, Алматы, 1980, 13 бет.

шоғыр өлең, толғау, дастан түрінде алуан-алуан шығармалар тудырды. Солардың бәріне ортақ бір пікір башқұрт ақыны Мұстай Каримнің «Россиялықпын» өлеңінде: «Орыс емеспін, россиялықпын бірақ та, Россия суын қанып ішкем бұлақта», «Сен дәм бердің менің су мен наныма, Сен қан қостың тамырыма, қаныма. Барлық ұлтты туыс еттің халқыма, оған бүкіл жердің жүзі танымал» шумақтары арқылы әдемі түйінделген. Бір ғажабы: ұлт ақындарының поэзиялық шығармаларында орыс халқының Россияны мекендеген өзге халықтарға қамқорлығы, ағалық көмегі, оларды төңірегіне топтастыру, ынтымақтастыру жолындағы жетекшілік ролі алдымен ауызға алынады, баса көрсетіледі.

Халықтардың лениндік достығы көп ұлтты әдебиетіміздің ең ізгі, ең ардақты тақырыптарының бірі десек, сол саладағы алғашқы сөздің татымдысы да, тартымдысы да Советтік Россияға арналады. Қазақ совет поэзиясының Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сияқты классиктерінен басталған жаңашыл дәстүр күні бүгінге дейін үзілмей, жалғасып келеді. Әлбетте, ол әмәнда бір қалыпты, бір сарынды емес, әр алуан өрнекпен, бояумен молығып, толысып, жанрлық, тақырыптық жағына салаланып, сараланып отырды.

С. Сейфуллиннің атақты «Советстан» (1925) поэмасының толық бір тарауы түгелімен Россияға бағышталған. Ақын оған тебірене тіл қатып, кіріспесін орыс жерінің ұлан-байтақтығын, шалқарлығы мен дарқандығын шалқи жырлаудан бастайды:

Уа, Руссия, көлемің зор көлбеген,
Бұл күн кеше өлшеуге бір көнбеген.
Совет келді,
Енді өлшемі,
Демде өлшеді,
Жерлерінді тұлпар барып келмеген.

Ұлы Октябрьдің сегіз жылдығына байланысты дүниеге келіп, бүкіл Советтік Отанымызды тұтас сипаттау, революция әкелген жаңалықтар мен өзгерістерді одақтық ауқымда кең қамту, солардың бәрін поэзия өрнегіне түсіру мақсатын көздеген ақынның дәл бұлайша бастауында, бірінші сөзді СССР құрамындағы РСФСР-ге арнауында белгілі заңдылық бар. Өйткені ол жұлдыздай алқа тізген ағайынды республикалар тобында аса көрнекті, жетекші орынға ие.

Советтік Россияны жалғыз орыстар ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген ұлттар мекендейді. Демек ол көп ұлтты республика. Осыны жадына мықтап түйген интер-

националист ақын С. Сейфуллин поэмасының келесі шумағына халықтар туысқандығы мен бірлігін арқау етеді:

Атпен жүрсе алты айлық жол жерің бар,
Советстан сан рулы елің бар.
Сан рулы,
Заң құрулы,
Бір-ақ түрлі,
Бір-біріне туысқандық сенім бар.

Адамдардың тарихи қауымдастығы, мақсат-мүдде бірлігі осынау шумақта, әсіресе оның соңғы тармағында жайдары жылылықпен, бұлжымас беріктікпен бейнеленген.

Онан кейінгі шумақтарда, Россия жерінің табиғаты, «таусылмастай сансыз» байлығы, таулары мен өзендері сипатталған тұстарда ақынның осынау өлкеге деген ыстық ықыласы бірден сезіліп отырады. Мұнда салқынқандылықтың жұрнағы да жоқ, қайта, мұнда автордың аяқ басқан сайын мейірлене түскен көңіл күйі бар.

Қалың құзды таулар анау асқарын,
Жасыл болат, алтын, күміс тастары,
Асқар тауын,
Аспан қауып,
Күнде жауып,
Күндіз-түні бұлттар қоршап бастарын.

Поэмада орыс халқының перзенттері Стенька Разин мен Емельян Пугачев тәрізді шаруалар көтерілісінің басшылары тіпті де тегін аталмаған. «Ұзын аққан» Волга да, «Темір белдік төрің» делінген Урал тауы да сондай.

Сөйтіп жаңа Россия қазақ совет әдебиетінде, алғаш, міне, осылайша тұлғаланды.

Ілияс Жансүгіровтың «Ресей жері» (1927) өлеңінде еңбеккер Россияның бейнесіне басты назар аударылады. Ол өлке несімен бағаланады? Жері, табиғаты қандай? Шығармадан алдымен осы сұрақтардың жауабын табамыз.

Көрпе қара топырақ
Ресейге жер біткен,
Майда мақпал торқадай.
Тоғайы тұтас томсарып,
Қыздың қолаң шашындай...
Өңкей өрім қарағай,
Үйенкі, шетен, барша тал,
Мүсін сұлу ақ қайың
Бұрала біткен қолқадай.

Мұнда осынау аймақтың «балауса қоңыр желі де, «кілегей күрең тортадай» бұлты да, «сілбірең күзгі жауыны» да шығармаға қажетті деталь ретінде енгізіледі. Ақын дала суретін қызықтап қана қоймай, көп қалалы Россияның бітім-болмысына сүйсіну сезімін білдіреді. І. Жансүгіров жер реңін табиғат әлемін суреттеуді жеке-дара мақсат тұтпай, осының бәрі адам тіршілігіне қаншалық қызмет ете алатынын ескереді. Сондағы ой түйіні:

Ұлтарактай бос жер жоқ,
Үлпілдейді ұлпадай,

Шын диханшы мұнда екен.

Еңбек дүбіріне бөленген атырапқа бақсақ: шаруаның «үйген маясы көгендеген марқадай», «пішендіктің орыны жасыл мәуіт — қамқадай». Көңіл тояттарлық тағылымды жәйт:

Соқа айырған қара жер,
Қабатынан қарасаң
Туралады картадай.
Жамылып жас жапырақ,
Аударып торқа топырақ
Баласына дейін каршадай.

Ақын Россия шаруаларының еңбеккерлігін, ұқыптылығын, жер байлығын игере білетіндігін қазақ еңбеккерлеріне үлгі ретінде ұсынады. «Бәрін айт та бірін айт, сорғалап тұрған береке барлық аймақ, бар маңай» — деп, неменеге мензейтінін ашық айтады.

І. Жансүгіровтың «Мәскеу — Қазақстан» (1930) өлеңі отызыншы жылдардың бас кезінде астана жұртшылығының республикамызды қамқоршылыққа алып, оған экономика саласындағы көмек көрсетуіне байланысты жазылған. Бірнеше тараушаға бөлінген ұзақ өлеңнің алғашқы жолдарында патшалық империяның Қазақстанды отарлау саясатын жүргізгені шенеледі, сонан Октябрь таңы атқаны, таяқ, орақ, балға түріндегі үш тілектің ұштасқаны баяндалады. Шығарманың Москваға арналған шумақтары ширақ та, шымыр да:

Қамқор Мәскеу бұл күнде,
Жалғыз жұлдыз жалғанға,
Маяк Мәскеу, күн Мәскеу
Зарыққанға, талғанға.
Азаттыққа алысқан,
Әлем табы арманға
Жетуіне жол — Мәскеу.
Штаб Мәскеу майданда.

Қол ұстасқан, бірлескен,
Басшы — Мәскеу, шеф — Мәскеу
Біздей кейін қалғанға.

Өлеңнің мазмұнымен қатар суреттеу құралдарындағы жаңалық бірден көзге шалынады: «Маяк Мәскеу», «Күн Мәскеу» тәрізді бедерлі сөз тіркестері қазақ поэзиясында бұрын-соңды ұшыраспаған.

«Мәскеу — Қазақстанның» ақталымы да әдеттегіден тыс екпін танытады. Мәселен «Көмегің» аталатын соңғы тараушаның алғашқы тармақтарындағы жаңаша ой оралымдарында (оқып қараңыз: «Сахарада жатқан ел, Деуге келдің-қоссын бас! Жер астында жатқан кен, Деуге келдің — қойныңды аш!»), өлке еңбекшілерінің Москваға артатын үмітін мұнарлатпай, сағымдатпай, нақты түрде айта білуінде: «Кел, көсемім, Мәскеуім, Көмегіңе біз мұқтаж!...».

Сәбит Мұқанов қаламынан туған «Магнит» (1935) атты триптихтың түпкі идеясы РСФСР-дің қара және түсті металлургия аймағы — Уралдың ондағы Магниттаудың байлығын қоғам кәдесіне жарату мәселесіне тіреледі. Ақын өзі естіп-білген, көрген жайларды тілге тиек ете отырып, Магнит тауының кешегісіне де, бүгінгісіне де енжар қарамай, бей-жай баяндай салмай, оқиғаға, атқарылып жатқан істерге қатынасын аңғартады. («Көркейтуге тұрмысты, аламын нелер тасынды. Тастарыңнан не түрлі табамын талай асылды»). Бірталай жыр шумақтарын Москваға («Мәдени бәсеке», 1931), партия мен мемлекеттің көрнекті өкілдеріне («Сергей Киров», 1935), қолбасшыларға («Біздің маршал Буденный», 1935) арнаған Мұқановтың творчестволық тәжірибесінде советтік Отанымызды адамзаттың алақанға қонған арманы ретінде тұтас толғау сарыны молая түседі («Гүл бағындай Отаным», 1937). Октябрь, СССР, Коммунистік партия үшеуінің бір шумақта қатар тұруы тегін емес.

Таң, гүл, күнді көргенде түсті еске,
Міне, бұл біздің елге лайық кесте.
Тотыдай таң — Октябрь,

күн — СССР,
Партияның лебізі — нұр емес пе!

Отызыншы жылдардағы, әсіресе оның екінші жартысындағы поэзиямызда орыстың классик ақын-жазушыларына, атап айтқанда А. С. Пушкинге, М. Горькийге арналған өлеңдер жиі бой көрсетеді. Сөйтіп, ақындарымыз орыс халқының дана перзенттерінің бейнесін сомдау арқылы соларды әлемге сыйлаған абзал ана — Россияны да

естен шығармайды. Тайыр Жароковтың «Пушкинді көргенде» (1937), «Максим Горькийге» (1938) сияқты өлеңдері осы топқа жатады.

Әбділда Тәжібаевтың «Орыс халқына» (1938) өлеңі арнайы әңгімелеуді қажет етеді. Ол өзінің мазмұны, көркемдік қуаты жағынан сол тұстағы поэзиямыздан елеулі орын алатын туынды.

Аға халыққа, ұстаз халыққа тікелей тіл қату түрінде («Тыңда, тыңда, тыңда мені, ұлы жұртым — орыс халқым!») басталған өлең оқырманын бірден баурап алады. Несімен? — дейсіз ғой. Шыншылдығымен, сыршылдығымен. Ешқандай кіріспесіз-ақ, ә дегеннен ақтарыла сөйлеген ақын толқына толғап, өзінің кім екенін таныстырады:

Өз ұлыңмын туған сенен:
Бесігімсің қызыл алтын.
Сен тербетіп өсіргенсің,
Сенің даңқың — менің даңқым.

Мұнан кейінгі шумақтарда қаһарман орыс халқының Октябрь күндеріндегі адам айтқысыз ерлігі, революция жеңістерін қорғаудағы табандылығы мен қажырлылығы мадақталады. Маңызды бір жәйт: ақын осынау ірі оқиғаларға қазақ халқының да белсене қатынасқанын, оны күрестерге орыс халқы баулығанын, оған жауларды жеңу тәсілдерін үйреткенін абайлатады:

Баулып сонда мені, бауырым,
Ақ сұңқардай сорғалаттың.
Жарылуын жаттаттың сен
Жау ішінде гранаттың.
Қүдіретіннен қуат алдым,
Қатарында бірге шаптым.
Үзенгісің мен де қақтым
Желден жүйрік арғымақтың.

Осынау шумақтарды және осының алдындағы тармақтарды оқығанда көзіңе азамат соғысының от-жалынды жылдары елестейді. Қимыл-қозғалысты, атыс-шабысты аңдататын ылғи етістік ұйқастарға («ат ойнаттың», «жарқылдаттың», «қалтыраттың», «шеру тарттың», «қарсы шаптың», «аспанға аттың», «сілкіп қақтың» т. т.) құрылған өлеңнен ерекше екпін, үдемелі интонация сезіледі. Шығарма соңғы екі шумақпен бітіп қалмайды, автор ақыр аяғында: «Сонда өсірген ер ұлыңмын, несімін ең қайраттың» деп келетін алғашқы екі тармақты тереңдете, мықты түйін табады. Ол:

Сөйлер тілім — Ленин тілі,
Сүйген тілі адамзаттың.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көп ұлтты әдебиетімізде қаһарман совет халқының және оның айбынды Қарулы Күштерінің ересен ерлігін, тапжылмас табандылығын, жоғары моральдық қасиетін, азаткерлік қызметін көрсететін көркем шығармалар көптеп жарық көрді. Солардың арасында халықтар достығының құрыштай беріктігінің, небір сындардан сүрінбей өткенін суреттеу барысында Советтік Россияның, ұлы орыс халқының жетекшілік роліне айрықша ден қойған туындылар салмақты орын алады. Барлық ұлт поэзиясында, алдымен орыс поэзиясында Россия тақырыбын игерудің жаңа кезеңі басталды: мазмұн тереңдеді, байыды, соғыс кезі оған өз таңбасын түсірді. Әлбетте, жаңа мазмұн дүниеге жаңа формалар әкелді — соны бейнелер, теңеулер мен метафоралар, бояулар мен өрнектер бой көрсетті. Александр Твардовский орыс совет жауынгері Василий Теркиннің толыққанды образын жасады: Николай Тихонов пен Михаил Светловтың, Алексей Сурков пен Константин Симоновтың, Михаил Исаковский мен Степан Шипачевтың, тағы басқаларының поэзиялық шығармаларында совет адамының социализм заманы қалыптастырған жаңа адамгершілік қасиеттерін ардақтауға ерекше көңіл бөлінді.

Советтік Россияның сұрапыл соғыста көрсеткен төтенше ерлігін мадақтаған өлеңдердің ішінде М. Исаковскийдің «Россия туралы сөзі» (1944) баршаның ой-пікірін білдіретін бөлек бітімді нәрсе:

Скажи, какой славой
Венчать твои дела?
Какой измерить мерой
Тот путь, что ты прошла?
Никто в таком величье
Вовеки не вставал,
Ты — выше всякой славы,
Достойней всех похвал!

Советская Россия,
Родная наша мать!

Өлеңде гитлерлік Германияға қарсы күреске қатынасқан дүние жүзі халықтарының Советтік Отанымызға, Россияға алғыс айтатыны тартымды тармақтар арқылы жеткізіледі.

Соғыс кезіндегі поэзиямыз Россия, орыс халқы, оның бұрынғы және бүгінгі батыр ұлдары туралы жаңа шығармалармен толықты. Невский, Суворов, Кутузов жайындағы толғаулар социалистік Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын жан аямай қорғаған совет қаһармандары

А. Матросов, З. Космодемьянскаяларға арналған туындыларға ұласты. Солардың бәрі бауырлас елдің бейнесін толықтыра, жан-жақты бедерлеуге себін тигізді. Жалаң арнаудан тарихи нақтылыққа, көркемдік түйіндеулерге ойысу сипаттары білінді. Атап өтерлік жәйттің бірі — Россия туралы өлеңдер соғысқа қолма-қол қатысқан майдангер — ақындардың қаламынан туды.

3 — Украин майданының жауынгері Әбу Сәрсенбаевтың қарулас досына — орыс жауынгеріне арнаған «Тост» (1945) өлеңінің алғашқы шумақтарын оқып көрейік:

Келші, достым!

Көтерелікші

құрмет тостын,

Жеңімпаз жұртымыздың

мерейі үшін!

Алдымен сенің халқыңның —

Иә, асқардай аға халықтың

мерейі үшін.

Шайқас аяқталып, ұлы жеңіске қол жеткен сәттерде өзінің тағдырлас жолдасына осылайша тіл қатып, лирикалық сезім күйіне бөленген қазақ ақыны оның бақытына қызығатынын да жасырмайды. Қызығады, бірақ қызғанбайды. Оның, орыс жауынгерінің мақтанышында қазақ қаруласының да үлесі бар екені орынды аңғартылады.

Орыс халқының дүниеге Ленинді бергенін айтқан тұста өлең шырқау шегіне көтерілгендей әсер қалдырады:

Сенің халқың

дүниеге Ленинді берді-ау!

Иә, Ленинді!

Адамзаттың данасын!

Әлемге Ленинді берген

неғып сүймесің

Мейірімді орыс анасын?!

Ленин есімін елжірей еске алған ақын ол негізін қалап, шынықтырған Коммунистік партияны ауызға алмай кете алмайды. Өйткені халқымыз Ұлы Отан соғысында бүкіл дүние жүзілік — тарихи жеңіске Ленин партиясының дана басшылығы арқасында жетті.

2 — Белорус майданының жауынгері, ақын Жұбан Молдағалиев Украина, Белоруссия, Латвия туралы лирикалық өлеңдер жариялаумен қатар, қамқор бауырымыз, ақылшы ағамыз ұлы орыс халқына жылы лебізге толы жүрек сөзін арнады. Оның «Рақмет, ұлты Ленинің» (1945) өлеңі осының айғағы.